

«Фирма экономикасы» пәні

Тақырып 1. “Кәсіпорын шаруашылық объектісі, экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде”

1. Кәсіпорынның міндеттері мен атқаратын қызметтері
2. Кәсіпорындардың жіктелуі

Мақсаты: Кәсіпорын, фирма, оның түрлерімен, мақсаты мен міндеттерімен, атқаратын қызметтерімен студенттерді таныстыру

Негізгі тұжырымдамалар

1.Кәсіпорынның міндеттері мен атқаратын қызметтері

Кез келген кәсіпорын заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорын - шаруашылық коммерциялық қызметті жүргізетін, меншік, шаруашылықты жүргізу немесе мүлікті оперативті басқару құқығында өз міндеттемелері бойынша жауап беретін жеке субъект болып саналады.

Кәсіпорын – қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру және табыс табу мақсатында өнім өндіру (қызмет көрсету) үшін құрылған шаруашылық жүргізуші субъект.

Экономикалық әдебиеттерде кәсіпорын мен фирма ұқсас ұғым деп айтылады. Дегенмен, екі түсінік арасында кейбір айырмашылық бар

Кәсіпорын – өнім немесе бұйым өндіру, қызмет көрсету, жұмыстар атқарумен, өнімдерді өткізумен айналысатын өндірістік бірлік ретінде түсіндіріледі.

Термин «Фирма» (ағылшын сөзі) кәсіпорынның белгілі бір атауы.

Фирма – заңды кәсіпкерлік жеке дара бірлік.

Фирма болып, ірі концерндерді де, сонымен қатар шағын компанияны да айтуға болады.

Өндірістік кәсіпорынға тән белгілер:

- Ұйымдық біртұтастық.
- Кәсіпорын құрылтай құжаттарында көрсетілген басқару тәртібі мен өзінің ішкі құрылымы бар ұйымдастырылған ұжым болып саналады.
- Экономикалық біртұтастық – материалдық, қаржылық ресурстардың, есепке алу мен жұмыс нәтижелері, жоспарлаудың жалпы ортақ болуымен түсіндіріледі.
- Өндірістік-техникалық біртұтастық. Дайын өнім өндіру немесе өндіріс үрдісінің жалпылығымен түсіндіріледі.
- Технологиялық үрдістердің біртұтастығы жағдайында кәсіпорын технологиялық жағынан біртекті цехтар мен бөлімшелерден тұрады. Бұл

технология, техника, тұтынылатын шикізаттар, өндірісті ұйымдастыру әдістерінің өзара байланысымен толықтырылады.

- Мүліктерінің болуы және жауапкершілік. Кәсіпорынның негізгі және айналым ресурстарынан тұратын мүліктері бар, оларды сатып алу, пайдалану өткізу, есептен шығару т.б. жұмыстарды өз бетінше жасай алады.
- Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз бетінше жауап береді.
- Оперативті-шаруашылық, экономикалық қызметті өз бетінше жүргізу.
- Кәсіпорын әртүрлі келісімшарттар мен операцияларды өзі жүргізеді, пайда алып, өз бетінше шығынға ұшырайды, пайдасы арқылы тұрақты қаржылық жағдайын және алдағы уақытта да дамуын қамтамасыз етеді.
- Идентификациялық белгілерінің болуы. Кәсіпорын басқа кәсіпорындардан ерекшеленетін болуы тиіс, осы мақсатта кәсіпорынға атау беріледі, осы атауы арқылы жеке мүліктік құқықтары мен міндеттемелеріне жауап береді.

Кәсіпорынның қызмет етуі барысындағы негізгі мақсаттары бар: стратегиялық, яғни ұзақмерзімді кезеңге мақсат қою және ағымдық (1 жылға дейінгі атқарылатын жұмыстарды жоспарлау)

Өндірістік кәсіпорынның негізгі міндеттері

1. Сұранысты жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз ету

2. Қалыпты еңбек шарттарын құру және ынталандыру

Кәсіпорында жұмыскерлерді ынталандыру, оларға қалыпты жағдай жасау арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуді білдіреді.

3. Кәсіпорынның ырғақты жұмысына қол жеткізу.

4. Қоршаған ортаны қорғау

5. Кәсіпорын қызмет ететін өңірлерде халықтар үшін жұмыс орындарын құру

Сонымен қатар міндеттеріне салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуі қажет.

Кәсіпорынның негізгі қызметтері:

1. Ресурстық

2. Ұйымдастырушылық

3. Өндірістік

4. Қаржылық-экономикалық

5. Кәсіпкерлік

6. Өнімді өткізу

ҚР Азаматтық кодексіне (Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ) сәйкес, барлық заңды тұлғалар 2-ге бөлінеді:

➤ коммерциялық

➤ коммерциялық емес ұйымдарға

2.Кәсіпорындардың жіктелуі

Кәсіпорындардың жіктелуі 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Кәсіпорындардың әртүрлі типтік белгілері бойынша жіктелуі

Жіктелу белгілері	Кәсіпорындар
Қызмет ету мақсаты	Коммерциялық, коммерциялық емес
Қызмет ету сипаты	Өндірістік, өндірістік емес
Экономика салаларына тән	Өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, құрылыс, көлік, байланыс
Өнеркәсіп салаларына тән	Машина жасау, металлургиялық, тігін, мұнай өңдейтін, целлюлозалық-қағаз, тамақ өнімдерін шығару бойынша
Дайын өнімнің экономикалық мәні бойынша	Өндіріс құралдарын шығаратын; тұтыну заттарын шығаратын (нан, сүт өңдеу, тігін, парфюмериялық-косметикалық)
Өнімнің қызмет ету сипаты бойынша	Еңбек құралдарын шығаратын (машина саласы), еңбек заттарын шығаратын (тоқыма фабрикалары, цемент, кірпіш зауыты, металлургиялық комбинат)
Еңбек затына әсер ету сипаты бойынша	Кен өндіру, өңдеуші
Технология сипаты бойынша	Үздікті технологиялық үдерісі (тоқыма, ұн тартатын, судалық құрылыс); үздіксіз (химия, нан зауыты, мұнайды қайта өңдеу), бар
Өндіріс типтері бойынша	Жаппай (темекі фабрикасы, ұн тарту, көмір шахтасы), сериялы (станок, темір бетон шығаратын зауыт, кондитерлік), бірлік (сувенир фабрикасы, тәжірибелік-сынақ өндірісі)
Шығындардың құрылымы бойынша	Материал сыйымдылықты, қор сыйымдылықты, еңбек сыйымдылықты, энергия сыйымдылықты
Мамандандыру деңгейі бойынша	Мамандандырылған, көп профильді (диверсификацияланған) (компьютер, автомобиль, балалар коляскасы, мұздатқыш, станок), аралас (тоқыма, ағаш өңдеу, мұнай өңдеу комбинаттары)
Мөлшері бойынша	Микро, шағын, ірі
Меншік нысаны	Мемлекеттік, жеке
Ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша	Мемлекеттік кәсіпорын, акционерлік қоғам, шаруашылық серіктестіктер, өндірістік кооператив

Қызмет ету сипаты бойынша өндірістік, өндірістік емес болып бөлінеді.

Дайын өнімнің экономикалық мәні бойынша:

-Өндіріс құралдарын шығаратын; тұтыну заттарын шығаратын (нан, сүт өңдеу, тігін, парфюмериялық-косметикалық).

Өнімнің қызмет ету сипаты бойынша:

Еңбек құралдарын шығаратын (машина саласы), еңбек заттарын шығаратын (тоқыма фабрикалары, цемент, кірпіш зауыты, металлургиялық комбинат).

Еңбек затына әсер ету сипаты бойынша – кен өндіру, өңдеуші.

Технология сипаты бойынша – үздікті технологиялық үдерісі (тоқыма, ұн тартатын, судалық құрылыс); үздіксіз (химия, нан зауыты, мұнайды қайта өңдеу).

Өндіріс типтері бойынша - жаппай (темекі фабрикасы, ұн тарту, көмір шахтасы), сериялы (станок, темір бетон шығаратын зауыт, кондитерлік), бірлік (сувенир фабрикасы, тәжірибелік-сынақ өндірісі).

Жаппай өндіріс – біртекті өнімдерді ұзақ уақыт көп мөлшерде шығаруды білдіреді.

Сериялық өндіріс – өнімнің кең номенклатурасы, оларды үнемі қайталанатын сериямен шығару.

Жеке өндіріс – өнім номенклатурасы кең, шектелген көлемде шығару

Кесте 2 - ҚР “Кәсіпкерлік кодексіне” сәйкес кәсіпорындардың мөлшері бойынша жіктелуі

	Микро	Шағын	Ірі
Жұмыскерлердің саны	15 адамға дейін	100 адамнан аспайды	250 адамнан көп
Бір жылдағы активтердің құны	30 000 еселенген АЕК-ден аспайды	300 000 еселенген АЕК-ден аспайды	300 000 еселенген АЕК-ден жоғары

Шығындардың құрылымы бойынша –материал сыйымдылықты, қор сыйымдылықты, еңбек сыйымдылықты, энергия сыйымдылықты.

Мамандандыру деңгейі бойынша –мамандандырылған, көп профильді (диверсификацияланған) (компьютер, автомобиль, балалар коляскасы, мұздатқыш, станок), аралас (тоқыма, ағаш өңдеу, мұнай өңдеу комбинаттары)

Мөлшері бойынша – кәсіпорындар шағын, орта, ірі болып бөлінеді.

ҚР Азаматтық Кодексіне сәйкес кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық формалары мынадай түрлері бар:

- Шаруашылық серіктестік;
- Акционерлік қоғам;
- Өндірістік кооператив;
- Шаруа қожалықтары;
- Жеке (дара) кәсіпкерлік.

Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым **шаруашылық серіктестік** деп танылады.

Құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдары есебінен құрылған, сондай-ақ шаруашылық серіктестік өз қызметі үрдісінде өндірген және алған мүлік меншік құқығы бойынша серіктестікке тиесілі болады.

Шаруашылық серіктестіктер толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік нысандарында құрылуы мүмкін.

Толық және сенім серіктестігінен басқа, шаруашылық серіктестікті бір тұлға құра алады, ол оның жалғыз қатысушысы болады.

Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік **толық серіктестік** деп танылады.

Азамат бір ғана толық серіктестіктің қатысушысы бола алады. Толық серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін оның құрылтайшылары белгілейді, бірақ ол заң құжаттарында белгіленген ең төменгі мөлшерден кем болмауы керек.

Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік **сенім серіктестігі** деп танылады.

Бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік **жауапкершілігі шектеулі серіктестік** деп танылады; жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік **қосымша жауапкершілігі бар серіктестік** деп танылады.

Қатысушылар жауапкершілігінің шекті мөлшері жарғыда көзделеді. Қатысушылардың бірі банкрот болған жағдайда оның серіктестік міндеттемелері жөніндегі жауапкершілігі, егер құрылтай құжаттарында жауапкершілікті бөлудің өзгеше тәртібі көзделмесе, қалған қатысушылар арасында олардың салымдарына қарай бөлінеді.

Құрылтай шарты мен жарғы шаруашылық серіктестіктің **құрылтай құжаттары** болып табылады.

Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға **акционерлік қоғам** болып танылады.

Акционерлік қоғамның акционерлері осы заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі **өндірістік кооператив** деп танылады. Кооператив мүшелері екеуден кем болмауға тиіс.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі **дара кәсіпкерлік** болып табылады.

Өзге жеке тұлғаларға дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Дара кәсіпкерлік келесі түрлерде жүзеге асырылады:

- өзіндік;
- бірлескен кәсіпкерлік.

Өзіндік кәсіпкерлік

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлік

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп

пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.
2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В. З. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.
3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа: <https://e.lanbook.com/book/93428>
4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.
5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
6. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Скляренко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
7. Баймұқашева М.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. Атырау, 2019.- 204 б. (электронды ресурс)
8. The Economics of the Modern Construction Firm. Stephen L. Gruneberg and Graham J. Ive First published 2000 by MACMILLAN PRESS LTD Houndmills, Basingstoke, Hampshire RG21 6XS
9. ҚР Кәсіпкерлік кодексі, 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ
10. Martin Ricketts. The Economics of Business Enterprise. Third Edition, 2002

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Кәсіпорын қызметінің мақсатына байланысты кәсіпорындардың түрлері:
 - 1) Коммерциялық, коммерциялық емес
 - 2) Өңдеу және өндіру
 - 3) Ірі, орта, шағын
 - 4) Қор сыйымдылықты, материал сыйымдылықты, еңбек сыйымдылықты
 - 5) Жаппай және сериялық
2. Қандай кәсіпорындар шағын кәсіпорындар болып табылады?
 - 1) Жұмыскерлер саны 100 адамнан аспауы керек
 - 2) Жұмыскерлер саны 150-200 адам
 - 3) Жұмыскерлер саны 200-300 адам
 - 4) Жұмыскерлер саны 250 –адамнан асатын
 - 5) Жұмыскерлер саны 101-250 адам
3. Қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру және табыс табу мақсатында өнім өндіру (қызмет көрсету, жұмыс орындау) үшін заңдарда белгіленген тәртіппен заңды тұлға құқығымен құрылған шаруашылық жүргізуші субъект:
 - 1) Кәсіпкерлік

- 2) Өндіріс
- 3) Бизнес
- 4) Кәсіпорын
- 5) Кәсіпкерлік бірлестік

4. Кәсіпорынның өз атын, мақсатын, құқын, негізгі қызметін, ережелерін көрсететін негізгі құжат?

- 1) Кәсіпорынның жарғысы
- 2) Кәсіпорынның балансы
- 3) Кәсіпорынның ұжымдық келісім
- 4) Кәсіпорынның қаржылық есеп беру құжаттары
- 5) Еңбек шарты

5. Қай коммерциялық ұйымның жарғылық капиталы құрылтайшылардың үлесіне бөлінеді, жарғылық капиталы 100 АЕК кем болмауы тиіс?

- 1) Шаруашылық серіктестік
- 2) Өндірістік кооператив
- 3) Акционерлік қоғам
- 4) Корпорация
- 5) Сенім серіктестігі

Дұрыс жауаптары:

- 1.1)
2. 2)
- 3.4)
4. 1)
5. 1)